"ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
"Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ"
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
ШЫҒЫС № 21-02-4094
"3" 11 2025

Мектеп директорларына

Т.Рысқұлов ауданы білім бөлімі Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығының 2025 жыл 30 қазандағы №01-03/1159 хатын ақпарат үшін жолдайды.

Қосымша: 4 бет тіркеледі.

Басшының м.а. **Б.Самылтыров**

Орындаған: А.Кариева

Scanner App Lite

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ

DULATY

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

Сіздерді 2025 жылдың 5 желтоқсан күні М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінде өтетін **«Білім берудегі цифрлық дәуір: ғаламдық трендтер мен жасанды интеллектінің педагогикалық әлеуеті»** атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысуға шақырамыз. Конференцияны ұйымдастыру комитеті: Филология және гуманитарлық ғылымдар факультеті, **«Қазақ тілі мен әдебиеті»** кафедрасы.

Конференцияға отандық және шетелдік ғалымдар, жоғары оқу орындарының оқытушы-профессорлар құрамы, сарапшылар, әдіскер ұстаздар, білім беру мекемелерінің басшылары, колледж оқытушылары, мектеп, лицей, гимназия мұғалімдері, жас ғалымдар, докоранттар, магистранттар, студенттер, және барлық білім мен тәрбие беру саласының қызметкерлері қатыса алады.

Конференция жұмысының негізгі бағыттары:

1. Филология ғылымдары (филология және тілдік білім беру саласындағы зерттеулер, әдебиеттану және тіл білімінің өзекті мәселелері мен т.б. ғылыми-теориялық және тәжірибелік жаңашылдықтар);

2. Оқыту әдістері: білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар мен жасанды интеллект (оқу үрдісін ұйымдастырудағы заманауи зерттеу әдістері мен технологиялары, жасанды интеллектінің білім беру саласына тигізетін ықпалы, авторлық бағдарлама және т.б. әдістемелік мәселелер);

3. Жаратылыстану ғылымдары (математика, физика, биология, химия, география және т.б. жаратылыстану ғылымдары саласындағы ғылыми-теориялық және қолданбалы зерттеулер);

4. Қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар (тарих, педагогика, психология, әлеуметтану, мәдениеттану, философия және т.б. ғылым салаларындағы іргелі зерттеулер мен тәрбие беру үрдісінің өзекті мәселелері).

Конференция үш (қазақ, ағылшын, орыс) тілде жүргізіледі. Конференция материалдары ғылыми жинақ түрінде дайындалып, PDF нұсқада таратылады (конференция өткеннен кейін). Ұйымдастыру комитеті мазмұны мен рәсімделу талаптарына сәйкес келмейтін мақалаларды жариялаудан бас тартуға құқылы.

Конференцияға тіркелу 2025 жылы желтоқсан айының 5 күні сағ. 9.00-дан бастап жүргізіледі, басталуы - сағ. 10.00-де (Астана уақытымен).

Конференция онлайн және офлайн аралас форматында өтеді (платформа-ZOOM. Идентификатор: 84950168914; код: 884287).

Конференцияға қатысушыларға және мақала мәтініне қойылатын талаптар:

Мақаланы орналастыру реттілігі:

1. ӘОЖ (УДК) индексі бірінші беттің жоғары сол жағына қойылады.
2. Мақаланың тақырыбы (**БАС ӘРІПТЕРМЕН (ҚОЮ ШРИФТ).**
3. Авторлар туралы мәлімет (екі автордан артық емес): Автордың аты-жөні, әкесінің аты (ғылыми дәрежесі, атағы, қызметі көрсетіледі), мекеменің атауы және орналасқан жері (егер мекеменің атауынан бөлек болса), авторлардың e-mail.
4. Мақаланың негізгі мәтіні (текст....).

Scanner App Lite

5. Библиография (пайдаланған әдебиеттер тізімі).

Мақаланы рәсімдеуге қойылатын талаптар:

1. Мәтін көлемі 5-7 беттен аспауы тиіс (кестелер мен суреттерді қоса алғанда) немесе тезис үлгісінде.

2. Мәтіннің редакторы – WORD, TIMES NEW ROMAN қарпімен жазылуы қажет, 14 кегль, интервал – 1 (бір). Беттің астыңғы және үстіңгі жақ өлшемдері – 2 см., оң жақ өлшемі – 1,5 см., сол жақ өлшемі – 3 см. Мақалаға бет сандары қойылмайды.

3. Мақала соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі беріледі.

4. Мақалалардың баспа мәтіні және электронды нұсқасы болуы керек. Сілтеме жасалған әдебиеттер мақала ішінде реттік саны бойынша тік жақшаға алынып [1, 25 б.], мақала соңында сол ретімен беріледі.

Конференцияға қатысу жайлы мақалада төмендегідей мәліметтер болуы тиіс:

Мақала мәтіні және тіркеу формасы бір файлмен көрсетілсін, файлдың атауы автор тегімен (фамилиясымен), егер бірнеше автор болса, тіркеу жарнасын төлеген автор фамилиясымен аталады. Мысалы, қатысушы Е.Б.Қоянбаев файл атауын келесідей ұсынуына болады: **Қоянбаев.doc** немесе **Қоянбаев.rtf.**

Материалдарды баспаға шығару туралы шешімді ұйымдастыру комитетінің сараптау комиссиясы қабылдайды.

Конференцияға ұсынылатын материалдар 2025 жылдың 25 карашасына дейін мына мекен-жайда қабылданады: Тараз қ., Төле би көшесі 68, М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің 4.2 ғимараты, 4-қабат, 419-ауд.

Мақалалардың электронды нұсқасы E-mail: fil.kial2025@mail.ru электронды поштасы арқылы қабылданады. Конференция жинағы қатысушаларға электронды түрде беріледі.

Конференцияларға қатысушылар арнайы сертификатпен және пленарлық мәжілісте баяндама жасаған авторлар мен конференция жинағына ұсынған мақаласының сапасы, мазмұны, өзектілігі т.б. жоғары дәрежеде деп танылған авторлар 1-ші, 2-ші, 3-ші дәрежелі дипломдармен марапатталады.

Конференцияға **қатысушылардың барлық шығындары өз есебінен** (немесе жіберуші жақтың) төленеді.

Мақалада көрсетілген ғылыми факті, негізгі мазмұн, дереқсөз, ғалымдардың аты-жөні және басқа да мәліметтердің шынайлылығы бойынша жауапкершілік авторға (-ларда) қалдырылады.

Конференцияға қатысу үшін авторлар мақала жарнасын төлеуі тиіс: ұйымдастыру жарнасы – 5000 теңге. Ұйымдастыру жарнасы мақалыны электронды түрде ұйымдастыру комитеті қабылдап, авторға жарнасын төлеу қажеттігін хабарлағаннан кейін кейін төленеді. Ұйымдастыру жарнасын төлеген авторлар **төлемақы түбіртегін сканерлеп** fil.kial2025@mail.ru **электронды поштасына** 2025 жылдың 25 қарашасына дейін жіберуі қажет.

Қаржылық реквизиттер:

Kaspi Gold 8-771-420-21-51 Мейрамкуль А.

Төлем мақсаты: Мақала «Халықаралық конференция. Білім берудегі цифрлық дәуір: ғаламдық трендтер мен жасанды интеллектінің педагогикалық әлеуеті».

Scanner App Lite

ТІРКЕУ ФОРМАСЫ

Конференцияға қатысу үшін 2025 жылдың 25 қарашасына дейін төмендегі тіркеу формасын толтырып, fil.kial2025@mail.ru поштасына мақаламен бірге жіберіңіз:

1	Аты-жөні
2	Ғылыми дәрежесі
3	Ғылыми атағы
4	Жұмыс орны мен қызметі
5	Баяндама атауы
6	Қатысу формасы (офлайн баяндама немесе жинақта мақала жариялау)
7	Мекен жайы, телефоны, e -mail

Өтетін орны: Төле би көшесі 68, М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің 4.1 оқу корпусының АКТ залы, 2-қабат.
Өтетін уақыты: тіркеу сағат 09-00.; басталуы 10.00

ЖАУАПТЫ ҚАБЫЛДАУШЫЛАР:

Молдабаева Айнұ Айтмұханқызы – 8 707 4842070;
Айнақұлова Жанат Ержанқызы – 8 707 2752349

Мақаланы рәсімдеу үлгісі:

ӘОЖ
УДК

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Байбосынов Бауыржан Балтабайұлы
М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің аға оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Мәтін.....
.....
..... [1, 72 б.].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Жұмажанова Т.Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2009. – 288 б.

Құрметпен, ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ

Scanner App Lite

DULATY

MINISTRY
OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Non-profit limited company
"TARAZ UNIVERSITY
NAMED AFTER M.KH. DULATY"
13, Suleimenov Str., Taraz,
Republic Kazakhstan, 080000
tel: 8(7262) 45-36-64, 43-24-02
e-mail: info@dulaty.kz, www.dulaty.kz

Жамбыл облысы әкімдігінің
білім басқармасы басшысы
Н. Оршыбековке

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, «Филология және гуманитарлық ғылымдар» факультеті «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының ұйымдастыруымен 2025 жылы 5 желтоқсан күні **«Білім берудегі цифрлық дәуір: ғаламдық трендтер мен жасанды интеллектінің педагогикалық әлеуеті» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік** конференциясы өтетінін хабарлаймыз.

Конференция барысында ғалымдар, педагогтар, студенттер және білім беру процесінің басқа да қатысушылары арасында тәжірибе мен білім алмасу платформасын құру. Конференцияда қазіргі заманғы ғылым мен білімнің өзекті мәселелері, білімнің әртүрлі салаларындағы жетістіктер және оқыту мен зерттеуге инновациялық тәсілдер талқыланады. Конференцияға ғылыми-педагогикалық қызметкерлер, докторанттар, оқытушылар мен мектеп және балабақша мұғалімдері, магистранттар, студенттер, жас зерттеушілер шақырылады. Конференция аясында пленарлық бөлім, секциялар жұмысы өткізіледі.

Осыған орай, Сізден Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасына қарасты барлық мектеп басшыларына хабарлауыңызды, жалпы білім беретін пән мұғалімдерінің қатысуына ықпал етуіңізді сұраймыз.

Қосымша: Конференция екі тілдегі (қазақ, орыс) ақпараттық хаты тіркелді.

Басқарма Төрағасы – Ректор м.а. **С. Орынбаев**

Орындаған: Исабекова Г. Б
8 702 798 10 40

Scanner App Lite